

**ТОҒАНДАҒЫ БАЛЫҚ ӨСІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҮСТЕМЕ  
ШЫҒЫНДАРДЫҢ ТАРАТЫЛУЫ**

**РАСПРЕДЕЛЕНИЕ НАКЛАДНЫХ РАСХОДОВ, СВЯЗАННЫХ  
СО СФЕРОЙ ПРУДОВОГО РЫБОВОДСТВА**

**DISTRIBUTION OF OVERHEAD COSTS ASSOCIATED  
WITH POND FISHERY**

**С. ТӨЛЕГЕНОВ<sup>1</sup>**

ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, профессор

**Р.Ә. ТӨЛЕГЕНОВА<sup>2</sup>**

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық аграрлық университеті

<sup>2</sup>Нархоз университеті

Аңдатпа. Өндірістік емес шығындарды қарастыратын бөген шаруашылығын ұйымдастыру барысындағы үстеме шығындардың таратылу амалдары қарастырылған. Үстеме шығындарды тарату тәртібі балық шаруашылығы өнімінің бағасы есебіне әсер етеді. Үстеме шығындарды бақылау мақсатында бөген шаруашылықтарына мониторинг жүргізу орталықтарын құру қажет. Үстеме шығындарды тарату әдістемесі балық шаруашылығы өнімінің есеп саясатында көрінуі тиіс. Бұл мақалада көрсетілген тікелей және үстеме шығындар – балық шаруашылығы саласындағы бухгалтерлік есептілікпен, экономикалық операциялардың талдауы мен басқармасымен тығыз байланысты өндірістік бөлімшелер қызметіне берілетін бағаның негізі. Зерттеулер нәтижелері бөген шаруашылығының қаржылық қызметін жетілдіруге, өндірілген өнімнің өзіндік құнын азайтуға, осы саланың тиімділігін арттыру резервтерін анықтауға септігін тигізеді.

78 .....

Проблемы агрорынка, июль - сентябрь / 2017 г.

**Abstract.** The ways of distribution of overhead costs in the organization of pond farms, which involve reducing non-production costs, are considered. The order of distribution of overhead costs contributes to the accounting of the value of fish production. In order to control overhead costs, it is necessary to create monitoring centers for pond farms. The methodology of allocating overhead costs should be reflected in the accounting policy of fish products. The direct and overhead costs shown in this article are the basis for assessing the activities of production units in fisheries industries, closely related to accounting, analysis and management of economic operations. The results of the study contribute to improvement of financial performance of pond farms, reduction of production costs, identification of reserves of improvement of efficiency of this industry.

**Ключевые слова:** прудовое хозяйство, рыболовство, издержки производства, себестоимость, основные и накладные расходы, эффективность, оборудование, мониторинг, стандартный метод.

**Key words:** pond farming, fisheries, production costs, prime cost, basic and overhead costs, efficiency, equipment, monitoring, standard method.

Шығындарды тікелей және үстеме шығындарға бөлу өндірістік бөлімшелердің қызметін бағалауға негіз болумен қатар, шаруашылық операцияларын есепке алу, талдау, бақылау және реттеумен тығыз байланысты. Тікелей шығындарға тоған шаруашылығының технологиялық процесіне тікелей байланысты шығындар жатады. Ал үстеме шығындарға осы процестерді ұйымдастыруға және оларға қызмет көрсетуге жұмсалған шығыстарды жатқызуға болады. Үстеме шығындар өз алдына өндірістік, яғни

Өндірістік үстеме шығындар – өндірісті ұйымдастыру, қызмет көрсету және бас-



слесарлар және т.б.) еңбекақылары, отын, электроэнергиясы, су, бу және өндірістік механизмдерді қозғалысқа келтіретін өзге де энергия шығындары, жылу және электр желілерін күтіп ұстау шығындары, су және кәріз шығындары;

✓ құралдарды ағымдағы жөндеу: қосалқы бөлшектер мен материалдардың құны, жөндеумен айналысатын жұмысшылардың еңбекақылары мен әлеуметтік салыққа аударымдары, жөндеу цехтары мен көмекші өндірістердің ағымдағы жөндеу қызметтері;

✓ құрал-жабдықтарды пайдаланумен байланысты басқа шығындар;

✓ құрал-жабдықтарды күтіп ұстау және пайдалану шығындарының аналитикалық есебін ұқсас құралдардың тобы бойынша жүргізген дұрыс.

2. Цех (тоған) шығындарын төмендегі шығын тізімдемесі бойынша есепке алынған орынды:

✓ цех басқармасы қызметкерлерінің әлеуметтік салыққа аударымдарды қоса алғандағы еңбекақылары, іссапар шығындары және цехты басқарумен байланысты басқа шығындар;

✓ өндірістік жұмысшылардың қосымша еңбек ақысы;

✓ ғимараттар мен құрылыстарды, тоғандарды күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу шығындары;

✓ еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бабы бойынша арнаулы киімдердің тозуы және оны жөндеу бойынша шығындар, пайдаланылған сабын және дәрі-дәрмектер құны, санитарлық-гигиеналық мақсаттағы құрылғыларды ұстау құны, жұмысшыларға берілетін сүт, май тағы басқа зарарсыздандыратын құралдардың құны;

✓ кідірістерден болған ысыраптар мен материалдардың нормадан тыс табиғи кему шығындары, материалдардың бүлінуінен болған ысыраптар, материалдық қорлардың және аяқталмаған өндірістің жетіспеуі;

✓ сынақ-тәжірибелерді жүргізуге жұмсалған материалдардың құны, сынақты жүргізген жұмысшылардың еңбекақылары, қызмет көрсетуші цехтар қызметінің құны, тағы басқалар;

✓ басқа үстеме шығындар - тоған шығындарының басқа баптарына енбейтін тоғанды күтіп ұстауға және қызмет көрсету шығындары, сондай-ақ тоған қызметкерлерінің іссапар шығындары [6].

Әрбір тоғанда пайдаланылатын құралдарды күтіп ұстау және пайдалану шығындары тек сол тоғанда өсірілетін балықтың түрлеріне апарылуы тиіс. Бұл оларды пайдалану орындары бойынша, яғни тоған түрлері, инкубациялық цехтар бойынша бөлек есепке алуды білдіреді. Құралдарды

күтіп ұстау және пайдалану шығындары есебін осылай ұйымдастыру олардың ағымдағы есебін жүргізіп, құралдарды күтіп ұстау шығындары сметасының орындалуын бақылауға әсер етіп, үстеме шығындарды бөлуге негіз болады.

Себебі, балық шаруашылығында өндіріс шығындарын ұйымдастырудың өз ерекшеліктері бар. Оның ішінде тоған балық шаруашылығы, әртүрлі мақсатқа сай пайдаланылатын тоған түрлеріне қарай өндірістік шығындарды ұйымдастыруға, балықты өсіру сатыларына (көшеттеу материалдары және тауарлы балық), олардың есептік топтарына тікелей байланысты. Тоған балық шаруашылығы саласында уылдырық шашу, шабақты алу, асыл тұқымды балықтарды дайындау, тауарлы балықты өсіру және тағы басқа бағыттары бойынша белгілі бір негізгі өнім түрлерін өндіруге бейімделген ішкі салаларға жіктеп, олардың өндірістік есебін есептік топтар бойынша ұйымдастырудың өз ерекшеліктері бар. Яғни өндіріс шығындары біртекті болып келмейді. Сондықтан үстеме шығындарды тоған шаруашылығы бойынша жалпы есепке алып, көшеттеу материалдарын өсіру сатысы мен тауарлы тоған балығын өсіру сатысы арасында тепе-тең тарату қажет.

Үстеме шығындарды тарату тәртібі өнімнің өзіндік құнын қалыптастыруда және есепке алуда үлкен мәнге ие. Үстеме шығындарды тарату әдістемесі кез келген ұйымның есеп саясатында көрсетілуі тиіс.

Тәжірибеде үстеме шығындарды бөлудің әртүрлі әдістері кездеседі. Сондықтан үстеме шығындарды бөлудің тиімді жолын іздегенде тоған шаруашылығының ерекшелігін ескеру керек. Бұдан өзге үстеме шығындарды бақылаудың тиімділігін арттыру үшін тоған шаруашылығында жауапкершілік орталықтарын анықтап, осы орталықта туындаған шығындарға ықпал ететін тұлғаға (менеджер) жауапкершілікті жүктеу қажет. Бұл кезде жауапкершілік орталықтарының менеджерлері үстеме шығындарға қатаң бақылау жүргізулері тиіс.

Отандық және шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, жанама шығындарды тарату тәсілдерінің сол немесе басқа түрлерін пайдалану ұйымның салалық ерекшелігіне және бөлу коэффициентін есептеудің қарапайымдылығына тәуелді.

Жалпыға белгілі, жанама шығындарды тарату базасының абсолютті барабар шешімін табу мүмкін емес. Үстеме шығындарды тоғандар арасында, сәйкесінше балықты өсіру сатылары арасында бөлудің оңтайлы тәсілін таңдап алу өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың шынайылығын анықтайды. Іс-әрекеттік си-

паты жағынан әр алуан факторлар шығындарды бөлудің тұрақты, ыңғайлы тәсілдерін қолдануға мүмкіндік бермейді, сондықтан тарату базасын таңдау кезінде нақты бір қағидаларға сүйену керек [7].

Демек, үстеме шығындарға әртүрлі шығындар жататындықтан, оларды өнімнің өзіндік құнына апару тоғандар арасында, балықты өсіру кезеңдері арасында әртүрлі тарату базасын қолдануды талап етеді.

Ал өндірістік есепті ұйымдастыруға қатысты есеп әдебиеттеріне жүргізілген талдау өнеркәсіп кәсіпорындарында үстеме шығындарды таратудың төмендегі тәсілдері қолданылатынын көрсетіп отыр:

✓ өндіріс жұмысшыларының еңбек ақысына пропорционалды таратылады;

✓ тікелей материалдар шығындарына пропорционалды таратылады;

✓ өндірілген өнім санына немесе өңделген шикізаттың салмағына пропорционалды таратылады;

✓ цех құнына пропорционалды немесе шикізат құны шегерілген цехтің өзіндік құнына пропорционалды таратылады;

✓ алдын-ала белгіленген шығындардың тұрақты коэффициенттері бойынша таратылады;

✓ басқа да тарату базалары бойынша таратылады (құрал-жабдықтың жұмыс сағатына және т.б.) [8].

Отандық тәжірибеде тоған балық шаруашылығында алынатын соңғы өнімге қатысты шығындарды бөлудің екі сатысы қалыптасқан.

Үстеме шығындарды бөлудің бірінші сатысында негізгі тоғандар үшін көмекші цехтармен орындалған жұмыстардың өзіндік құнын, ақау мен кідірістерден болған жоғалтуларды, құралдарды күтіп ұстау шығындарының, цехтық және өзгедей кешенді шығындардың жалпы сомасын анықтайды.

Тоған балық шаруашылығында үстеме шығындарды тоған бойынша есепке алып, содан кейін оны балықтың түрлері бойынша тарату қажет. Сонда бұл шығындар шығын объектілерінің өзіндік құндарына тікелей қосылып, оларды жанама бөлудің қажеттілігі жойылады. Сонымен бірге, өндіріс шығындарының пайда болу жерлері мен жауапкершілік орталықтары арасында тығыз байланыс қалыптасып, оларға тиімді бақылау жүргізудің мүмкіндіктері туады.

Құралдарды күтіп ұстау және пайдалану шығындарын тоған шаруашылығының осы құрал пайдаланылған сатысына енгізеді. Аталмыш шығындардың талдамалық есебі құралдардың түрлері немесе бір-біріне ұқсас топтары бойынша тиісті шығын баптарына сай жүргізіледі. Егер жеке бір құрал (қамыс шапқыш, аэратор) бірнеше тоғанда немесе бірнеше балық өсіру кезеңіне қызмет көр-

сетсе, онда оларды күтіп ұстау және пайдалану шығындарын осы тоғандар мен өндіріс кезеңдері арасында құралдың атқарған уақыт санына тепе-тең таратқан орынды.

Тоған шаруашылықтарында суды бірден өндірістік тоғандарға жібермей ылай суды тұндыратын арнайы тоғандар болады. Өйткені өсіру тоғандарына ылай суды бірден жіберу олардың түбінің жылдам батпақтанып кетуіне алып келеді. Сондықтан осы тоғандарды күтіп ұстау шығындарын өндірістік тоғандар арасында әрбір тоғанға жіберілетін судың нормасына қарай бөлген орынды деп санаймыз.

Үстеме шығындардың құрамында есепке алынатын өндірістік жұмысшылардың қосымша еңбекақылары, көмекші жұмысшылардың еңбекақылары әр тоған бойынша өндірістік жұмысшылардың негізгі жалақысына прапорциональды бөлген дұрыс.

Нарық жағдайында қызмет ететін ұйымдағы шығындар кешені оны басқарудың бүкіл жүйесінің негізі болып табылады, өйткені мұнда нақты жұмсалған шығындар туралы барлық ақпараттар қалыптасады, демек, нақты алынған пайданы анықтаудың негізі қаланады. Өнімді өткізуден алынған өндірістік нәтижені табу әдістемесі шығындар есебінің және өзіндік құнды калькуляциялаудың әдістемесімен анықталады. Сондықтан шығындардың бухгалтерлік есебі оңтайлы ұйымдастырылмайынша шаруашылық қызметті тиімді жүргізу мүмкін емес.

Өндіріске жұмсалған шығындар мен өткізу шығындарының құрамын және олардың есебін дұрыс қалыптастырудың маңызды екендігі белгілі. Өйткені олар тоған балығының өзіндік құнына, сәйкесінше оның бағасына ықпал етеді. Ал кезең шығындары орындалған жұмыстардың өзіндік құнына тікелей ықпал етпегенімен, ұйымның табысына, сонымен қатар ғалами стратегиялық мақсаттарға (ұйымның өміршеңдігі, оның экологиялық бейтараптылығы, жұмыс орындарының сақталуы, тағы да басқа әлеуметтік факторлар) әсер етеді. Сондықтан кезең шығындарының есебін оңтайлы ұйымдастыру қажет. Кезең шығындарын бақылау және есепке алу үшін нормативтік әдіс элементтерін қолдану оң нәтиже береді. Ол нақты шығындардың белгіленген номадан ауытқуын анықтау үшін қажет. Нормативтік әдісті қолдану кезінде кезең шығындары норма бойынша және белгіленген нормадан ауытқуы бойынша бөлек көрсетіледі.

#### *Пайдалаған әдебиеттер тізімі*

1. Н.С. Айнабаева, Н.С. Сапарғалиева, А.С. Асылбекова. Аквакультура: Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰАУ, 2010. – 199 б.

2. Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарты (ҚЕХС) 2 «Қорлар» (IAS 2)
3. Привезенцев Ю.А., Власов В.А. Рыбаводство.—М.: Мир, 2007.— 456 с.
4. Сейтбаев Қ.Ж. Балық шаруашылығы: Оқу құралы. — Алматы: Эверо, 2014. — 162 б.
5. Абдибеков Б., Сейтбаев Қ.Ж., Бектұрғанов Б. Балық шаруашылығының гидротехникасы: Оқу құралы.— Алматы: Эверо, 2012.— 193 б.
6. Кеулимжаев К.К. Производственный и управленческий учет: учебное пособие. — Алматы : Экономика, 2011. — 330 с.
7. Андрейчикова Ж.В. Калькуляция себестоимости продукции сельского хозяйства: учебное пособие. — М.: Новое значение, 2007. — 127 с.
8. Тайгашинова К.Т. Басқару есебі: оқу құралы.—Алматы: «ЛЕМ баспасы», 2011.—332 б.

*Pajdalynған әдебиеттер тізімі*

1. N.S. Ajnabaeva, N.S. Saparalieva, A.S. Asylbekova. Akvakul'tura: Оқу құралы.—Алматы: ҚазҰАУ, 2010.—199 б.
2. Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарты (ҚЕХС) 2 «Қорлар» (IAS 2)
3. Privezenцев Ju.A., Vlasov V.A. Rybavodstvo.—М.: Mir, 2007.— 456 с.
4. Sejtbaev Q.Zh. Balyq sharuashylyғы: оқу құралы. — Алматы: Jevero, 2014. — 162 б.
5. Abdibekov B., Sejtbaev Q.Zh., Bekturғанov B. Balyq sharuashylyғының gidrotehnikasy: Оқу құралы.— Алматы: Jevero, 2012.— 193 б.
6. Keulimzhaev K.K. Proizvodstvennyj i upravlencheskij uchët: uchebnoe posobie. — Алматы : Jekonomika, 2011. — 330 с.
7. Andrejchikova Zh.V. Kal'kuljacija sebestoimosti produkciï sel'skogo hozjajstva: uchebnoe posobie. — M.: Novoe znachenie, 2007. — 127 с.
8. Tajgashinova K.T. Bасқарu esebi: Оқу құралы.—Алматы: «ЛЕМ баспасы», 2011.—332 б.

